

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Ғылыми Кеңесінің кезектен тыс №14 мәжілісі

23 қаңтар, 2023 ж. Сағат 11:00-де

Өтетін орны: Бас оқу ғимараты, Мәжіліс залы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жеңіс Сәдуақасұлының 80 жасқа толуына арналған салтанатты мәжіліс.

ТЫНДАЛДЫ:

Төраға: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, қадірлі қонақтар!

Бүгін біз Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жеңіс Сәдуақасұлының 80 жасқа толуына арналған университет Ғылыми кеңесінің салтанатты мәжілісіне жиналып отырмыз.

Жеңіс Сәдуақасұлы – ғасырға жуық ғұмырын ұлттың рухани қазынасы – қазақ тілі ғылымына арнаған көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз. Ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, қазақ тіл білімінің дамуына, жоғары білімді маман даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосып келеді. Бүгінде Жеңіс Сәдуақасұлы – университетіміздің ғылыми әлеуетін айқындайтын ірі тұлғалардың бірі. Ғалымның қазақ тіл біліміндегі синтаксис саласына, соның ішінде бір құрамды сөйлемдер мен етістіктің жақ категориясын зерттеуге арналған еңбектері отандық тіл ғылымын жаңа ғылыми деңгейге көтерді. Оның ғылыми мұрасы – қазақ тілінің құрылымдық, семантикалық табиғатын терең танытатын құнды зерттеулер.

Құрметті Жеңіс Сәдуақасұлы! Сіз тек тіл ғылымының күрделі теориялық мәселелерін зерттеумен ғана шектелмей, ана тіліміздің ғылыми әлеуетін арттыруға, жас ғалымдар мен шәкірттерге бағыт-бағдар беруге, ұлттық тіл саясатының дамуына да сүбелі үлес қосып келесіз. Сіздің шәкірттеріңіз – еліміздің әр түкпірінде еңбек етіп жүрген білікті мамандар, ғылым мен білімнің абыройлы өкілдері. Ғылымдағы биік парасатыңызбен, азаматтық болмысыңызбен, ұстаздық тағылымыңызбен көпке үлгі болып келе жатқан Сізді қазақ тіл білімінің абызы деуге әбден лайықпыз. Саналы ғұмырыңызды ғылым мен білімге арнаған еңбегіңіз – кейінгі ұрпақ үшін өлмес өнеге.

Алдағы уақытта да зор денсаулық, шығармашылық қуат, толайым табыс тілей отырып, кемел ойыңызбен, бай тәжірибеңізбен, сапалы ғылыми еңбектеріңізбен ел игілігіне қызмет ете беруіңізге тілектестігімізді білдіреміз!

Төраға: Жеңіс Сәдуақасұлының еңбек жолы туралы баяндама жасау үшін алғашқы сөз кезегі – филология ғылымдарының кандидаты, тілтанушы ғалым Болат Елтайұлы Боранбайға берілді.

Болат Елтайұлы Боранбай: Құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар! Есімі үлкен әріппен жазылатын ғалымға, ұстазға, азаматқа лайықты құрмет көрсету, еселі еңбегіне ризашылық білдіру – ең әуелі ұжымға парыз. Жеңіс Сәдуақасұлының өмірдерегіне тоқталып өтейін:

Жеңіс Сәдуақасұлы 1946 жылдың 19 қаңтарында Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты №14 «Ұялы» ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Осы жерде жеті жылдық мектепті, 1964 жылы Жаңақазалы (қазіргі Әйтеке би) кентіндегі № 420 (қазіргі Жанқожа батыр атындағы №70) темір жол орта мектебін бітірген соң, комсомолдық жолдамамен Қазалы ауданында жаңадан ашылған «Қызылқұм» кеңшарының құрылысына аттанады. Кеңшар құрылысы біткен соң, осында ашылған сегізжылдық мектепке аудандық оқу бөлімінің бұйрығымен мұғалім болып қалдырылады.

Осында үш жыл жұмыс істеп, 1967 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогтік институтының (қазіргі Қорқыт ата атындағы университет) Филология факультетіне оқуға түседі де, оны 1971 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша үздік бітіреді. Сол жылдың қыркүйек айында Қызылорда қаласындағы № 113 кәсіптік-техникалық училищеге тәрбиеші болып, ал 1972 жылдың қаңтарынан қаладағы №217 орта мектепке қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметіне қабылданады. 1977 жылдың қыркүйегінен №1 1 Май атындағы орта мектепке директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары етіп ауыстырылады да, екі жылдан соң, 1979 жылы ғылыммен айналысу мақсатында өзі бітірген институттың «Педагогика және психология» кафедрасына оқытушы қызметіне ауысады. 1980 жылдың қыркүйек айынан бастап «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы қызметтерін атқарған.

Осы қызметте жүріп филология ғылымдарының докторы, профессор М.Т.Томановтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы» тақырыбында ғылыми жұмыспен айналысады да, 1988 жылы кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды.

Ж.Сәдуақасұлы 1987-1989 жылдарда «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі қызметінде болып, 1989 жылы «Қазақ тілі» кафедрасына аға оқытушы қызметіне ауыстырылады. 1990 жылы осы кафедраның меңгерушісі етіп тағайындалады. 1991 жылы «кафедра доценті» ғылыми атағына ие болады.

Қызмет үстінде жүріп, 1989 жылдан бастап филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Есеновтің жетекшілігімен докторлық ғылыми жұмысын бастайды. Нәтижесінде 1997 жылы «Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын жоғары деңгейде қорғап шығады.

Ғалым 1996-2001 жылдарда «Қазақ филологиясы мен журналистикасы» болып қайта құрылған кафедраның меңгерушісі қызметін атқарады.

Ол 2002-2004 жылдар ішінде «Болашақ» университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры қызметінде бола жүріп, Қорқыт ата университетінен де қол үзген жоқ, 0,5 жүктемемен жұмысын жалғастыра берді. 2004 жылы өз университетіне қайта оралып, 2007 жылға дейін «Қазақ тілі» кафедрасын басқарды.

2006 жылы Ж.Сәдуақасұлы Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

Ғалым кафедрадағы қазақ тілінен жалғыз ғылым докторы, профессоры бола жүріп, бірсыпыра ғылыми-қоғамдық жұмыстар атқарды: ол Абай атындағы Қазақ ҰПУ-і жанындағы Диссертациялық кеңес мүшесі (2005-2010 ж.ж.), Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Ғылыми кеңесінің мүшесі, облыс әкімдігі жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының және тілдерді оқыту орталығы Ғылыми кеңесінің мүшесі болды.

Ж.Сәдуақасұлы 60-тан астам докторлық және кандидаттық диссертацияларға пікір білдірген. Ғалымның сарапшылық жасауымен 25 диссертациялық жұмыс қорғалған, олардың ішінде 10-ы – докторлық диссертация. Ғалымның жетекшілігімен 1 аспирант кандидаттық, 20 магистрант диссертацияларын қорғап, олар әртүрлі оқу орындарында ұстаздық қызмет атқаруда.

Көп жылдық педагогикалық еңбегі мен ғылыми-зерттеу жұмыстардағы жетістіктері үшін Ж.Сәдуақасұлы «ҚР Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен (1992); «Қазақстан Республикасына 10 жыл» төсбелгісімен (2001); ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Алғыс хаттарымен» (2001, 2005); «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен (2006); «10 жыл Астана» медалімен (2008); Облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың «Алғыс хаттарымен» (2008); Облыс әкімінің стипендиясымен (2008); «Қызылорда облысының 70 жылдығы» Мерекелік медалімен (2009); «Қазақстан Республикасының 20 жылдығы» Мерекелік медалімен (2011); Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Қорқыт Ата» Алтын медалімен (2013); ҚР БЖҒ министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен (2016); ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (2016); ҚР-ның Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Ағыс хатымен» (2019); ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл комитетінің «Құрмет грамотасымен» (2021); Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» (2022); ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынұлы» орденімен (2022); Жалпыұлттық «Бөбек» қозғалысының ТМД бойынша «Үздік ғылыми қызметкер – 2023» медалімен және «І дәрежелі Дипломымен» (2023); ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2023); Халықаралық қазақ тілі қоғамының «Ана тілі» мәртебелі белгісімен (2024) марапатталған. Ғалым – 150-ге жуық қазақ тіліне қатысты ғылыми және әдістемелік еңбектердің және газет-журнал беттерінде жарияланған мақалалардың авторы.

Осыдан соң Ректорат тарапынан Марапаттау рәсімі жүргізілді.

Университеттің Басқарма Төрағасы-ректоры м.а. Д.М.Абдрашева: Құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар! Ғалымға, ұстазға, азаматқа лайықты құрмет көрсету, еселі еңбегіне ризашылық білдіру – ең әуелі ұжымға парыз. Олай болса, құрметті Жеңіс Сәдуақасұлы, өзіңізге университеттің Адресатын, Ғылым және жоғары білім министрлігінің арнайы Ахмет Байтұрсынұлы төсбелгісін табыстауға және халқымыздың дәстүріне сәйкес иығыңызға шапан жабуға рұқсат етіңіз! Адресат тапсырылып, шапан жабылды.

Осыдан соң төраға Ғылыми кеңес мүшесі және *Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-нан* сөз кезегі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, филология ғылымдарының кандидаты *Жанбершиева Ұлжан Нахатқызына*, Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Каюпов Руслан Мұхамедәліұлына, «Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Базартай Жандос Нұртайұлына, Облыстық кәсіподақ төрайымы Есқалиева Гүлнар Бабабековнаның іс сапарда болуына байланысты арнайы адресатты тапсырып, құттықтау үшін Университет кәсіподақ ұйымының төрағасы Оразбақов Айтжан Жұмабайұлына берілді.

Төраға: Келесі сөз кезегі Жеңіс Сәдуақасұлын құттықтау үшін сөз кезегі Қызылорда "Болашақ" университеті Жастар және тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің басшысы Саймағанбетов Берік Рахманұлына, салтанатты жиынға мерейтой иесінің бір топ замандастары, сыйластары, бірге оқыған курстас достарына-Төлеев Марат Төлеулы, Қадірбаев Амангелді Жұбатқанұлы, Шыналы Байділдаұлы, Ниязбек Маханжанұлына беріледі.

Осыдан кейін сөз «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша Кәсіби даму институты директоры Абдраманова Кызжибек Сатыбалдиевнаға, Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының» директоры Дәулетбаева Мартана Қонысбекқызына, Орда жоғары колледж директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сейтжанов Алайдар Сануарұлына берілді.


Төраға: Құрметті Ғылыми Кеңеске қатысушылар! Тағы сөз сөйлеймін деушілер бар ма? Осымен Ғылыми кеңестің салтанатты мәжілісін қорытындылаймыз. Құрметті Жеңіс Сәдуақасұлы, мерейтойыңыз тағы да құтты болсын!

Сіз еселі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен қоғамда үлкен абырой - беделге иесіз. Осынау мерейлі сәтте ортаңызға сыйлы, абыройлы қалпыңызда әлі де талай жылдар халыққа қызмет ете беруіңізге тілектеспіз. Әрдайым мерейіңіз үстем болып, ел-халықтың ыстық ықыласына бөлене беріңіз!

Баршаңыздың отбасыларыңызға молшылық, бақ-береке тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Бүгінгі жиынға келіп, қатысқандарыңызға үлкен рақмет!

Ғылыми кеңес Төрағасы-Ректор м.а.

Ғалым хатшы



Д.М.Абдрашева

Л.А.Жусупова

Ғылыми кеңес мүшелерінің келу парағы
№ 14 мәжіліс **Өту мерзімі: 23.012026 ж.** **Сағат:11.00**

№	Аты-Жөні-Тегі	
1.	Абдрашева Дана Мейрамовна	+
2.	Бурибаева Майнура Абильтасевна	+
3.	Айтимов Мурат Жолдасбекович	+
4.	Бердалиева Гульзат Кыстаубаевна	+
5.	Уразбаев Нурлан Жеткергенович	+
6.	Бисенов Кылышбай Алдабергенович	
7.	Кошкарлов Серикбай Иманбайұлы	+
8.	Кәрібозұлы Бағдат	
9.	Досжанов Баянәлі Амантайұлы	+
10.	Сактаганова Наргуль Амановна	+
11.	Омаров Қали Әбдіұлы	+
12.	Оразбақов Айтжан Жұмабайұлы	+
13.	Таутенов Ибадулла Айғалиұлы	+
14.	Тайман Сағат Тамшыбаевич	+
15.	Тоқтаганова Гулжас Баданқызы	+
16.	Кулмурзаев Нурлан Серикович	+
17.	Абжалелов Бахытбек Байдосович	+
18.	Мирманов Наку Бахаутдинович	+
19.	Исаева Айнура Женисовна	+
20.	Аппазов Нұрбол Орынбасарұлы	+
21.	Сейтмұратов Аңғысын Жасаралұлы	+
22.	Ильясова СамалМырзамуратовна	+
23.	Жаппасбаев Алибек Бахытжанович	+
24.	Сәтбаева Гүлмира Әлібайқызы	+
25.	Калиев Бакыт Калиевич	+
26.	Абжаев Марат Мәлікұлы	+
27.	Сыдыкова Гульнар Кудайбергеновна	+
28.	Майгельдиева Шарбан Мусабековна	+
29.	Кожамберлиев Баймырза	+
30.	Жанбершиева Улжан Нахатқызы	+
31.	Нурмагамбетов Нурлан Шарипович	+
32.	Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлы	+
33.	Билалов Сейдали Умиртаевич	+
34.	Смагулова Жанна Бағлановна	+
35.	Абдуллахан Зарина Ержепқызы	+
36.	Прохорова Виктория Сергеевна	+
37.	Жусупова Ләйля Ажибаевна	+

Барлығы – 37 Қатысқандар – Қатыспағандар –2
Оның ішінде – іс сапарда - , сабақта -, емделу парағында -,Басқа дәлелді себептермен - 2

